

**"Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Көші-қон комитетінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және
халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 133 бұйрығына
өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2026
жылғы 12 қаңтардағы № 3 бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Көші-қон комитетінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және
халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 133 бұйрығына
мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон комитеті" республикалық мемлекеттік
мекемесінің ережесінде:

13-тармақтың 13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"13) қандастарды қабылдау жөніндегі комиссияның үлгілік ережесін әзірлеу".

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің
Көші-қон комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік
тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес шаралар қабылдауды;

2) осы бұйрықтың қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмелерін Қазақстан
Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу
үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы
республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау
министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және
халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

С. Жакыпова